

ССРО Сыртқы Істер Министрі А. Я. ВЫШИНСКИЙДІҢ Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Әкімшілік Советінің Премьері және Сыртқы Істер Министрі ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙды қабылдауы

18 август күні ССРО Сыртқы Істер Министрі А. Я. Вышинский Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Әкімшілік Советінің Премьері және Сыртқы Істер Министрі Чжоу Энь-лайды қабылдады.

Қабылдауға Қытай Халық Республикасының ССР Одағындағы Төтенше және Полномочиеді елшісі Чжан Вэнь-тянь, Қытай Халық Республикасы Сыртқы Істер Министрлігінің

ССРО және Шығыс Европа елдері бөлімінің бастығы Сьюй И-синь, Қытай Халық Республикасы Сыртқы Істер Министрлігінің ССРО және Шығыс Европа елдері секторының бастығы Ма Ле және ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің Бірінші Қыйыр Шығыс бөлімінің меңгерушісі Н. Т. Федоренко қатысты.

(СОТА).

ТУУЫ

ЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

август Сәрсенбі

|| жеке саны 20 тыйын,
Шығуына 33 жыл

Сталин жолдасқа жазған хатта қабылданған міндеттемелерді аброймен орындайық!

арын мерзімінен бұрын орындау—бүгін таңдағы ең басты міндет

АУДАН БОЛЬШЕВИКТЕРІ АСТЫҚ ҮШІН КҮРЕСТЕ

Жауапсыздықтың салдары

ру жоспарын орындау — кол-саяси- шар-зор міндет. Бұл ідалуы барлық рының қуатын бастырылған йындау орында-амқорлық жаса-ме, колхоздар дарындағы жү-руға ерекше на-көнінде болып көне совхоз қыр-азарту жұмыста-сті түрде меха-ғ ұғым туады. еханикаландыру-тейтін колхоз-ешыларының ең-удың астық үшін бар екендігіне бірталай шар-дардағы жұмыс-ық байқалады.

Кемігер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта бүкіл республика еңбекшілерімен бірге, ауданымыздың егіншілері көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдады.

Аудан партия ұйымы көсемге берген сөзті орындау жолындағы социалистік жарысты кең өрістете отырып, колхозшыларды, МТС және совхоз қызметкерлерін егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарын үлгілі өткізу ісіне жұмылдыруда. Колхоздар мен совхоздарда және МТС-терде саяси-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістеті, еңбекті дұрыс ұйымдастыру, социалистік міндеттемелердің орындалуын күнбе-күн тексеру, істе орын алған кемшіліктерді дереу жою жөнінде нақтылы шаралар белгілеу аудан партия ұйымының күнбе-күн шұғылданатын ісіне айналды. Міне, соның нәтижесінде ауданымыз август айының екінші, үшінші бескүндіктерінде астық дайындау жөніндегі графиктерді артығымен орындап шықты. Екінші бескүндіктің графигі 175 процент, үшінші бескүндіктің графигі 180 процент орындалды.

Көзір тек егін жыйнауға ғана 170 ком-мунист істейді.

Аудандық партия комитеті егін жыйнау басталар алдында бұл кезеңде жүргізілетін саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарының жоспарын бекітті. Ол жоспар бастауыш партия ұйымдарының жыйналыстарында талқыланып, әрбір партия ұйымы осындай жоспар жасады. Көзір қырдандарда, бригадаларда, агрегаттарда саяси-бұқаралық жұмыстар кең көлемде жүргізілуде. Аудан бойынша 300-ден астам үгітші жұмыс істейді. Колхозшылар арасында әңгіме өткізу, газет оқу, лекция, баяндама жасау жиі-жиі өткізіліп тұрады.

Бастауыш партия ұйымдары социалистік жарысқа басшылығын едәуір жақсартты. Әрбір колхоз, әрбір совхоз, әрбір бригада бойынша социалистік жарыстың қорытындысы уақытылы шығарылып, жыйналыстарда талқыланады. Онда кездескен кемшіліктерді болдырмаудың шаралары белгіленіп, алдағы міндеттер талқыланады. Әрбір егіншінің көрсеткіштері құрмет және көрсеткіш тақталары арқы-

қармасы мен партия ұйымына осы кемшіліктерді атап көрсетіп, оған нақты көмек көрсетті. Соның нәтижесінде колхозда егін жыйнауың қарқыны арттырылып, жұмыстың жайы анағұрлым жақсарды. Колхоз үшінші бескүндіктің тапсырмасын 200 процент орындады.

Аудандық комитет астық үшін күресте коммунистердің авангардтық ролін арттыруды, егін жыйнауға, астық дайындауға партиялық бақылауды, басшылықты күшейтуді басты міндет етіп алдына қойды.

Дегенмен, ауданымыздың кейбір колхоз, совхоздары мен МТС партия ұйымдары колхозшыларды, МТС және совхоз жұмысшыларын егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізуге жұмылдыра алмай келеді. Мұндай жағдай әсіресе, «Совет», «Игілік», «Арал-ағаш» колхоздарында орын алып отыр. Бұл колхоздардың партия ұйымдары колхозшылар арасында саяси-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетудің нақты шараларын жүзеге асыра алмай, коммунистерді егін жыйнау кезінде жауапты участоктерге тағайындауда елеулі кемшіліктерге жол беріп алды. Социалистік жарысқа нақты

«Страна Советов» колхозы астық тапсырудың графигін ұдайы орындай алмай келеді. Мысалға соңғы бескүндікті алайық. Аталған колхоз бұл мерзім ішінде 1085 центнер астық орнына, небары 37 центнер ғана астық тапсырды.

Мұның басты себебі неде? Оның себебі—бастырылған астықтың жоқтығында емес, астық тазалау жұмыстарының нашар ұйымдастырылуында. Мәселен, аталған бескүндікте қырдандарда 1500 центнердей астық болды. Алайда, колхоз осыншама астықтан дайындау пункттеріне мәрдымды ештеңе жөнелте алмады. 14—15 августа бұл колхоз астық тапсыруға тіпті қатыспады. Өйткені, бастырылған астықты тазалауға күш-мүмкіншілік жеткіліксіз бөлінді. Ол бескүндікте астық тазалайтын 2 «ВИМ» машинасының біреуі ғана жұмысқа қосылды. Оның өзінің еңбек өнімділігі ойларғдай болмады.

Қырдандарда астық тазалауда жүрген колхозшылардың көпшілігі күндік тапсырманы орындай алмай жүр. Өйткені, олардың арасында еңбек өнімділігін арттыру үшін жеткілікті күрес жүргізілмейді, үгіт-бұқаралық жұмыстарының төмендеуі де

егіншілерінің арасында жызу қолдау тапты. Кәзір озат егіншілеріміз егінді жыйнауда және бастырылған астықты қырманда жұмыстағаннан кейін дайындау орындарына жөнелтуде стахановтық еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп отыр. Бұл жолда, еңалдымен, астық қырмандағы жұмыстың ұйымдастырылуы жолға қойылды. Олай болатын себебі — астық үшін күресте қырман — негізгі учас­ток болып саналады.

Міне, осындай шаруашылықтың бірі — Приешім ауданындағы Сталин атындағы колхоз. Бұл колхозда қырманға әкелінген астық қолма-қол тазартылып, дайындау орнына жөнелтіледі. Қырманда жұмыс істейтін колхозшылар тұрақтандырылған, олардың еңбегін екі сменана да бірқалыпты ұйымдастыру қамтамасыз етілген, астықты тазарту және тиеу жұмыстары механикаландырылған. Осы сыяқты, Торангүл ет-сүт совхозының астық қырмандағы да астықты тазарту және транспортқа тиеу комплексті механикаландырылып отыр. Ал, бұл — совхоз қырмандағы дайындау орындарына алтын дәннің үздіксіз жөнелтілуіне жағдай тудырады.

Алғашқы парызын орындады

ТҮРГЕН (Алматы облысы). (ҚазТАГ). Еңбекшіқазақ ауданындағы «Полиотделец» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары қазақстандықтардың Сталин жолдасқа жазған хатта алған міндеттемелерін орындай отырып, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Олар дайындау пункттеріне 80 мың пұт астық өткізді. Тұқым қорларын толық құйып болып, колхоз кәзір сақтық және жем қорларын жасауда, еңбеккүнге аванс астық беруге кірісті. Колхозшылар әр еңбеккүнге үш килограмнан астық алуда.

Колхозда дала жұмыстарының барлығы теріс механикаландырылған. Колхоздың егіс даласында Еңбекшіқазақ МТС-нің алты комбайны жұмыс істейді. Олар 1.300 гектар егін орды. Қалған 350 гектарды комбайншылар таяудағы 3-4 күн ішінде

реу тазарту, келтіру және дайындау орындарына үздіксіз жөнелту жолындағы социалистік жарысқа түгел қатыстырылуын және үгіт-буқаралық жұмыс пен социалистік жарыстың әсерлі болуын қамтамасыз етуге міндетті.

Совет, Булаев, Соколов және Преснов аудандарының бірталай колхоздары астықты тазартуда және дайындау орындарына жөнелтуде бірқатар кәшіліктерге жол беріп отыр. Бұл жерде аталған аудандардың бірсыпыра колхоздарының қырмандағы тазартылып, сөйтіп, дайындау орындарына жөнелтілмей жатқан астықты көбейіп отырғандығын айтпақпыз. Жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары бұл мәселені мықтап ескеруге тиіс.

Астық дайындау графигі — әрбір колхоз бен совхоз үшін бұлжымас заң. Бұл заңның ойдағыдай орындалуы, еңалдымен, қырмандағы жұмыстың дұрыс ұйымдастырылуына байланысты. Сондықтан кәзір егіншілер мен механизаторлардың барлық күші осы іске жаппай жұмылдырылуға тиіс.

Қырман — астық үшін күрестегі негізгі учас­ток!

орып болуға ұйғарысты. Комбайншы Савелий Косолапов «Сталинец—1» комбайнымен 370 гектар егін орып, 6,5 мың центнер астық алды. Александр Китаев та осынша жердің егінін орып, осынша астық бастырды.

Осы артельде жұмыс істейтін Григорий Дерябин мен Андрей Шатохиннің трактор бригадалары колхоз өндірісінің барлық даласында жұмыс істейді. Олар егін жыйнайды, күздік егіске арнап жер жыртады, малға арнап жемшөп дайындайды.

Колхозда сабан мен топанды маялау ұйымдастырылды. Темекі плантацияларының да жағдайы жақсы. Механизаторлар қатараралықтарды бірнеше рет баптады. Малшаруашылық фермаларында шөп сүрленуде. Траншеялар мен апандарда 850 центнер көкшөп сүрленді.

даласында

Сталин жолдасқа жазған хатта алынған міндеттемелерді аброймен орындау жолында қажырлы еңбек ете отырып, Торангүл совхозының коллективі быыл бітік егін өсірді. Бұл күндері егіншілер өздерінің барлық күш-мүмкіншіліктерін осы бітік егінді ысырапсыз жыйнап алуға жұмылдыруда. Бұл жөнінде, әресе, комбайншылар игі жұмыстар істеуде. Олардың әрқайсысы егін жыйнау жөнінде өздерінің алған көтеріңкі міндеттемелеріне лайық еңбек етіп жүр.

Комбайншы И. Подолько егін жыйнауда алдыңғы қатарда келе жатқандардың бірі. Оның маусымдық жоспары — тіркеудегі «Сталинец—6» комбайнымен 750 гектар жердің егінін жыйнау болса, ол кәзірдің өзінде 385 гектар жердің астығын бастырды. Еліміздің таңдаулы комбайншыларының еңбек ете отырып, ол күн сайын 25—30 гектар алаңның егінін орып жүр. Оның жыйнаған егістік алаңында ешқандай астық ырабы жоқ. Ол жыйнаған егістік жердің әрбір гектарынан орта есеппен 12—13 центнердей астық бастырылды.

№ 1 ферманың комбайншысы Н. Платов комбайнмен егін жыйнаудың шебері. Ол комбайнның еңбек өнімділігін күннен-күнге арттырып келеді. Үлгілі комбайншы он күн ішінде тіркеудегі бір комбайнмен 300 гектар жердің егінін орды. Бұл алаңнан 3420 центнердей өнім жыйнады. Осы сыяқты, өздігінен жүретін комбайнның комбайншысы А. Костарев жолдас та үздік табысқа жетті. Ол 400 гектар алаңның егінін жыйнап, маусымдық жоспарды кәзірдің өзінде жартылай орындап шықты.

Совхозда, әресе, оның № 1 фермасында егін жыйнау мен астық дайындау арасында алшақтық жоқ. Техника күшімен еңбек резервтерінің толық пайдаланылуы арқасында жаңа астық бастырылысымен дереу дайындау пункттеріне жөнелтіліп жатыр.

А. ПАМАЗАНОВ.

Егін орағын ойдағыдай жүргізіп келе жатқан шаруашылықтардың бірі — Сталин атындағы колхоз (Приешім ауданы). Мұнда комбайндар егін жыйнауға барлық қуатымен пайдаланылып отыр. Комбайншылардың көпшілігі сменалық тапсырманы толық орындап жүр. Әрбір комбайн агрегатының жұмысқа барлық қуатымен пайдаланылуы нәтижесінде аталған колхозда барлық егіннің үштен бірі жыйналып болды.

Бастырылған астық тазаланып, дереу дайындау пункттеріне жөнелтілуде. Астық тазалауда және тиеуде колхозшылар стахановтық еңбектің үлгілерін көрсетіп жүр. Кузнецов және Карташова сыяқты егіншілер астық тазалауда өздеріне тағайындалып берілген сменалық тапсырмаларын дәлме-дәл орындап же-



Полудень ауданындағы Сталин атындағы колхозтағы «ОС—1» машинаны орнатылған. Бұл машина астам астық тазартады. Сондай-ақ, вейлкамен күніне тазартылады.

СУРЕТТЕ: Сталин атындағы колхоздың астық қырмандағы Суретте

леді. Егіншілер еңбек етуі ас күндік және тағайындалып берілген сменалық тапсырманы толық орындап жүр. Әрбір комбайн агрегатының жұмысқа барлық қуатымен пайдаланылуы нәтижесінде аталған колхозда барлық егіннің үштен бірі жыйналып болды.


Сталин жол міндеттемелеріне лайық еңбек етіп жүр. Әрбір комбайн агрегатының жұмысқа барлық қуатымен пайдаланылуы нәтижесінде аталған колхозда барлық егіннің үштен бірі жыйналып болды.

ЫМЕН

пунктеріне коммунистер стар автома- зип, тапсыр- ур. Қырман- тазартып, руде совхоз бригадасы н мүшелері н және Ва- ада «эри- терден астық

ері жасалған агрегаттары сәне транс- стейтін адам кізіп, дауы- ар егіншілер арады, озат- насихаттай- нгерлік лис- ана, көрсет- тырылуына

астық таза- істейді. Ол ендіктердің н міндегге- іме өткізді. енко, Васи- еңбектерін іп жүрген ады. Әңгіме үгітшінің ітіп, еңбек стады. Бұл қауынгерлік нарылды. Жуырда «Спартак» ерікті қоғамы об- лыстық Советі физкультура коллективте- рінің арасындағы социалистік жарыстық барысын тексеріп, жоспарлардың орында- лу қорытындысы бойынша «1-Май» артели- нің физкультура коллективіне бірінші орын,



Петропавл станциясының перонында мичуринші—бақшашы В. Осипов жолдас тропикалық өсімдіктерге үксас ағаштар өсіруде. СУРЕТТЕ: Петропавл станциясының перонындағы ағаштардың көрінісі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

СПОРТ

Кейбір табыстарымыз

БК(б)П Орталық Комитетінің «Елімізде жаппай физкультура қозғалысын өрістете беру және совет спортшыларының шебер- лігін арттыру туралы» 1948 жылғы 27 де- кабрьдегі тарихи қаулысын орындай оты- рып, «Спартак» ерікті спорт қоғамының облыстық Советі бірқатар жұмыстар істеді. Үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында ГТО значкистерін дайындау жоспары 110 процент, разрядшы спортшылар дайындау жоспары 124 процент, қоғамға мүше алу жоспары 116 процент орындалды.

Жуырда «Спартак» ерікті қоғамы об- лыстық Советі физкультура коллективте- рінің арасындағы социалистік жарыстық барысын тексеріп, жоспарлардың орында- лу қорытындысы бойынша «1-Май» артели- нің физкультура коллективіне бірінші орын,

көрсетті. Ондай артельдердің қатарына Сталин атындағы (председателі Сәрсен- баев жолдас), «Труд» (председателі Му- рашкин жолдас), «Қазақ ССР-ның 10 жыл- дығы» (председателі Жолобов жолдас) ко- суға болады. Ал, «Ударник» (председателі Вяликов жолдас), «Екпінді» (предсете- лі Шайхислямов жолдас) артельдері жа- нындағы физкультура коллективтерін- де физкультура және спорт жұ- мыстары өте-мөте төмен дәрежеде жүргізі- ліп келеді. Артель председателдері бұ- дан былай физкультура және спорт мәсе- лесіне немкетті қараушылықтан дереу арылып, өз артельдері жанындағы физ- культура коллективтерінің алдыңғылар қа- тарына қосылуын қамтамасыз етуге жеті- сулері керек.

Қазақтың Мемлекеттік хорының концерті

16—17 август күндері болып өткен Қазақтың Мемлекеттік хоры бұл жас кол- лективтің дарындылығын, өскекең өрісін қала жұртшылығына бірден аңғартты. Хор концертінің программасы біржелкі дұ- рыс жақсы жасалған. Концертте қазақ, орыс және татар тілдерінде еліміздің ха- лықтарының әндері орындалды.

Хор өзінің концертін композитор Б. Байқадамовтың Сталинге арналған әні- мен бастады.

Бүгін бейбітшілік сүйгіш адам баласы- ның ой-тілегінің бейнесі — Ақ көгершін туралы ән (композитор А. Жұбановтікі) әдемі әуен-үнмен, әсерлі орындалды.

«Әділеттің құсы деп Көз жазбастан жолынан, Көңілімнің қошы деп, Ұшырайын қолымнан». — деп үл- кен сенім, тілек білдіре айтылған, тамаша тәтті бір сезімді оятқандай ұзақ қал- қып тұрып, барып тарады.

Сол сыяқты, бейбітшілік тақырыбын арналған композитор Новиковтың «Бейбіт- шілік әні», композитор Хамидидің «Бейбіт шілік жыры» атты әндері көңілдегідей шықты.

Композитор Новиковтың әнін орындауда хормен қосылып жеке дауыста айтушы әнші Шабанов өзінің дауысын дұрыс ұнам ды жеткізе білді. Оның қоңыржай, бірақ, айқын өктем үні әнінің ішкі мазмұнын дұрыс ашып бере алады. Бұл ән жай, баяу ырғақпен орындалса да, үлкен күш, қалың қайрат сезімін білдірді.

Композитор Новиковтың халық мейлін- ше сүйетін тамаша әндерінің бірі — «Сүйік

ті Сталин» атты ән. Бұл қанша тында- санда өз көркемділігін жоймайтын, жалық тырмайтын шығарма. Композитор халық- тың көсемге деген сүйіспеншілігін терең түсіне біліп шебер көрсеткен. Бұл әнді екі дауыспен хорға қосып орындаған ән- шілер Киселевская мен Мансурова тындау шылардың зор қоспеметіне ие болды.

Хордың құрамындағы жас әнші Н. Пав- люк өзінің болашағы зор талаят екенін көрсетті. Оның орындауындағы «Көк қар- лығаш», «Қанағатты құрбым» атты әндер айтушының әншілік мәдениеті қалып- тасқандығын байқатты.

Концерттің осы жақсы жақтарымен қа- тар жекелеген кемшіліктер де жоқ емес. Мысалы, әнші Қ. Хисматуллиннің оры- дауындағы татар әндері «Сағыну», «Ор- ман қызы», әнші Қамбарованың орында- уындағы Дунаевскийдің «Үлкен жолмен», әнші Абсаломованың орындауындағы «Қа- зақ ельсі» көңілдегідей болып шықпады. Өйткені, бұл әндер әншілердің дауыс ерек шедігіне қарай лайықталып алынбаған, сондықтан олардың орындау шеберлігі те мен болды.

Бірақ, бұл айтылғанға қарамастан, Мем- лекеттік хордың концерттері зор табыс- пен өтті. Дирижер Г. Виноградованың жас коллективтің творчестволық табысының молая түсуіне көп еңбек сіңіргенін атап өту қажет.

Қ. ҚАНҒОЖИН,

Москваның А. В. Луначарский атындағы театр искусствосы институ- тының студенті.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 18 август. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Ха- лық армиясының Бас командованиесі 18 август күні Халық армиясының құрамала- ры қытайлық халықтың еріктілері бөлім-

дерімен бірлесе отырып, өткен күні бұрын- ғы алып тұрған шептерінде қорғаныс ұрыс тарын жүргізуде болды деп хабарлады. Бүгін жау самолетін аңдып атқыштар дұшпанның 4 самолетін атып түсірді.

колхозда 12 үгітші бар. Бұлардың тең жартысы — комсомолецтер.

Үгітші комсомолецтер партия ұйымының басшылығымен мал азығын дайындаудағы, егін жыйнаудағы және басқа жұмыс учасоктеріндегі колхозшылар арасында тиісті жоспар бойынша дауыстап газет оқиды, әңгімелер өткізеді. Соңғы бескүндікте үгітші комсомолец А. Зновьяк шөп шабуудағы колхозшылар

сайық», «Кореядағы оқығалар» деген тақырыптарда әңгімелер өткізді.

Сонымен бірге, үгітші комсомолецтер бригадаларда өндірістік кеңестер өткізуге онда социалистік жарыстың барысы және басқа мәселелердің кеңінен талқылануына көмектеседі.

В. ЛИЗУН,

Колхоз комсомол ұйымының секретары.

дағы ауылшаруашылық артелінің колхозшылары жазылған газет, журналдары мен хат-хабарларын деркезінде алып оқый алмайды. Мұның басты себебі колхоз басқармасы хат-хабар тасу мәселесіне жете маңыз бермей келеді.

Рас, колхоз басқармасы хат-хабар тасуға Қ. Мұнайдаровты тағайындаған болатын. Бірақ, Мұнайдаров жолдас денсаулығының нашарлығына байланысты салт

рет қатынап жүр. Сондықтан колхозшылар газет, журналдарын 10 күнде бір-ақ рет алып отыратын болды.

Колхоз басшылары хат-хабар тасуға не басқа бір адам тағайындап немесе Мұнайдаров жолдасқа арба мен жегу өзбелдерін беріп, байланыс бөлімшесінен хат-хабарлар мен газет, журналдарымыздың күнбе-күн жеткізіліп тұруын қамтамасыз етсе екен.

С. САРУАРОВ.

Ортағасырлық Шығыстың ұлы гуманисі

ССРО Ғылым академиясы президиумы жанындағы И. П. Павловтың физиологиялық ілімі мәселелері жөніндегі ғылыми советтің председателі— академик **К. М. БЫКОВ**пен әңгіме

Бүкіл прогресшіл адамзат ортағасырлық Шығыстың ұлы гуманисі, дәрігер, ақыл-ой иесі және энциклопедияшысы Абу Али Ибн-Синнің (Авиценнаның) туғанына бір мың жыл толғанын атап өтуде. Бұл тарихи күн Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің тарихи қарары нәтижесінде ерекше халықаралық маңызға және ыңызын мәнінде бүкілхалықтық мазмұнға ие болды.

Түрлі елдерде Францияның бостандық үйгіш ақыны және патриоты Виктор Гюонның туғанына 150 жыл толғандығын, Италияның данышпан ғалымы және қайтауу заманының суретшісі Леонардо да Винчидің туғанына 500 жыл толғандығын, ыстың ұлы жазушысы Н. В. Гогольдің айтыс болғанына 100 жыл толғандығын мерекелеудің бүкіл алдыңғы қатарлы мәдениет үшін, бейбітшілікті қорғау үшін орасан зор маңызы бар екендігі тап өтілді. Социализм елінің бүкіл халымымен бірге совет ғалымдары бұл есімдерен бірге тәжік халқының ұлы перзенті— авиценнаның есімін де атады.

Совет ғылымының қайраткерлері өзінің

барлық күш-жігерін, таланты мен білімін халық мүддесіне жұмсаған дүние жүзі мәдениетінің таңдаулы өкілдерінің тамаша ақыл-ой пікіріне айрықша назар аударады. Әрбір ұлттың жақсы қасиеттерін, халықтардың бай творчестволық күштерін, барлық елдердің миллиондаған адамдарына тән жарқын болашаққа, білімге, бейбіт творчестволық еңбекке ұмтылушылық қасиетті, адамның өмірі мен правосына қолсұғушылықтың барлығына өшпенділік пен оларды жек көрушілік қасиеттерді олар өз бойларына жыйған.

Мәдениеттің осындай сәулетшілерінің бірі—Авиценна. Ғылымның бұл ұлы қайраткерін, адамды емдеушінің, медицина, философия, математика, физика мен астрономия, логика, зоология, әдебиет саласындағы аса көрнекті еңбектер мен шығармалардың авторының бейнесі ғасырлар бойы өмір сүріп қалды. Авиценнаның мұраларының дүние жүзі медицинасының тарихы үшін ерекше маңызы бар.

Авиценна өзінің өмір тәжірибесімен ғылыми білімнің медициналық практикамен қалай ұштасатынын, зерттеуші ға-

лымның творчестволық ойы нәтижесінің адамның қасіретін жеңілдетуге, оны науқастен жазуға әруақытта әзір дәрігердің қасиетті қызметімен қалай байланысатындығын көрсетіп берді. Дәрігерлік қызмет Авиценнаның көп клиникалық материалдар жыйнап, қорытуына мүмкіншілік берді. Өзінің кітабында ол аурулардың клиникалық түрлеріне тамаша шеберлікпен толық сипаттама берді, жеке аурулардың белгілерін анықтады.

Авиценнаның дәрі жөніндегі зерттеулері де өте қызықты.

Дәрігер-ғалым Авиценнаның бұл қасиеттері бізге, совет оқымыстыларына өте жақын. Совет медицинасы Павлов пен Боткиннің ғылыми физиология мен медицина бір-бірімен тұтас нәрсе, адамның денсаулығы мен әл-ауқаты ғылымының ең басты және қасиетті мақсаты деген даньшпандық идеяларын ұран етіп көтереді.

Әр ғасырда, жер шарының түпкірлерінде бір-бірінен алыс өмір сүрген, әр тілде сөйлеген, ғылымның таңдаулы өкілдерінің өз өмірі мен қызметінде мазмұны мен бағыты жөнінде бір-біріне мейлінше ұқсас идеяларды басшылық еткендігінің терең маңызы бар деп білеміз. Адамзатқа деген сүйіспеншілік, оның тамаша болашағы туралы арман, оның практикасының салтанат құратындығына сенім әруақытта оларды жігерлендіріп отырды. Міне, сондықтан да көзір, билеп-төстеуші

топтар агрессия, адамның бостандығына қолсұғу, барлық прогресшілдікке қарсы күрес жүргізу жолына түскен капитализм елдерінде ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің есімі аталмай отыр. Америка мен Англияның жалған оқымыстылары, өздерінің буржуазиялық қожайындарының қолшоқпарлары ғылымды соғыс, адам өмірін жою мүддесіне қызмет істеуге салып отыр.

Басқа да ортаазиялық көрнекті оқымыстылар сыяқты Авиценнаның есімі Орта Азия халықтарының көп ұлтты мәдениетінің ұлылығы мен өзіне тән қасиеті бар екенін сипаттайды.

ССРО Ғылым академиясы, Тәжік ССР ғылым академиясы, еліміздің түрлі ғылыми-зерттеу, әдебиет және қоғам ұйымдары, барлық совет ғалымдары Авиценнаның туған күнін дүниежүзілік прогресшіл мәдениеттің тарихына, бейбітшілік жолындағы көзір күреске байланысты маңызды мереке ретінде өткізді. Ұлы гуманист, ақыл-ой иесі, дәрігер, энциклопедияшының туғанына бір мың жыл толғандығын мерекелеу Авиценнаның тамаша бейнесін бізбен жақындастыра түсті, Орта Шығыс халықтарының ежелгі мәдениетіне жарқын сәуле түсірді, бейбітшілік жолында күресуші халықтардың топтаса түсуіне жаңа үлес қосты.

(СОТА).

дәлелдер американда айыбын мойындауға жанжал үшін біз жааламыз»,—деп мәліммен Қытай жағының рі полковник Чан Чөзінің бүгінгі мәлімде өткен дүйсенбіде амер ференция ауданының үшін өздерінің жауап

ЖАИ

ТОКИО, 18 август макура қаласында Ка және Камакура қала қорғау комитетін ү бейбітшілік мерекесі адам қатысты. Мерек қаруландыруға қарсы майданына резервтегі жіберуге қарсымыз!».

АҚШ-та РЕ

ЛОНДОН, 18 август агенттігі тілшісінің Аты) берген хабарынд «Б. Ф. Гудрич» ком заводының 13 мың ж

ФРАНЦИЯНЫҢ АУ

ПАРИЖ, 18 август те» газетінің хабарын цияның оңтүстігіндегі жүзім жыйнаушы ау мысшылары жалақын

ЖАЗҒЫ КИ

Бүгін және күн сай «КАТЕР Сеанстар сағат 9-11

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор — 1-86, редакторлар — 1-87, редакторлар — 1-88, редакторлар — 1-89, редакторлар — 1-90, редакторлар — 1-91, редакторлар — 1-92, редакторлар — 1-93, редакторлар — 1-94, редакторлар — 1-95, редакторлар — 1-96, редакторлар — 1-97, редакторлар — 1-98, редакторлар — 1-99, редакторлар — 1-100. **КОРРЕКТОРЛАР БЮРОСЫ — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмес**

УШ 01877.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібі, баспа және кітап саудасы Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік